

Мектеп алды даярлық «б» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:  Қыдыралына А.А.

Сынып жетекшісі: Махмұт М.М

Білім беру ұйымы: М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ

Балалардың жасы : 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 26-28 қазан, 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі		Сәрсенбі 26.10.2022	Бейсенбі 27.10.2022	Жұма 28.10.2022	
Балаларды қабылдау	<i>Балаларды қабылдау: балаларды жақсы көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу (әлеуметтік-эмоционалдық іс-әрекет) Бұл үшін қолайлы жағдай жасау, баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жетпір білдіруге баулау (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет)</i>				
			«Тіл ұстарту жаттығуы» Мақсаты: тақпақ айту арқылы дыбыстарды анық айтуға үйреті отырып, сурет салу дағдыларын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекет). Аз қимылды ойын: «Үшты, үшты» «Сақина тастамақ»	«Кірпі мен аю» ертегісі Мақсаты: ертегідегі кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету. (коммуникативтік іс-әрекет, көркем әдебиет) Үстел үсті ойындары: Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозанка.	«Хангалапай» ұлт ойыны. Мақсаты: балалар ойын арқылы түрлі бағытта жүтіруге бі (физикалық, коммуникативтік дағды). Үстел үсті ойыны: «Кесілген суреттер құрастыру»
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері оқу-құралдары туралы кеңестер.				
			Ата-аналарға арнайы картонкалар арқылы кеңес беру :	«Баланың мектепке бейімделуі» ата-	«Тазалық - денсаулы кепіл» мәдени-гигиеналық сақтау

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>«Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса.</p>	<p>«Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса.</p>	<p>«Табиғатқа қамқор боп» Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық, Әдепті да, тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.</p>	<p>«Табиғат...» Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!</p>	<p>«Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса</p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</p>				
<p>Дене шынықтыру Тақырыбы «Біздің стадион» Мақсаты: Өртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты аяқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), қолдарының үйлесімді ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту</p> <p>Аяқты уқалау (Б.қ. – малдас құрып отыру). Мақсаты: аяқтағы белсенді биологиялық нүктелерді уқалау. Аяқтың энергетикалық</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: Дөңгелек және сопақша Мақсаты : сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру</p> <p>Топпен жұмыс Педагог балаларға фигуралар жиынтығын – шеңберлерді, сопақшаларды, шаршыларды, тіктөртбұрыштарды таратады және өздерінің «моншақтарын» немесе өрнектерін жасауды ұсынады. Содан кейін, педагог өлшемі жақын шеңбер мен шаршыны, сопақша мен тіктөртбұрышты</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы «Менің отбасым» Мақсаты Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету, күш секілді дене сапасын дамыту</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім жылдам?» (5 рет). Төрт бағыттаушыны таңдап, оларға өртүрлі түсті орамал үлестіреді. Төрт тізбекке бағыттаушылардың (командирлердің) артында тұрады. Белгі бойынша көздерін жұмады.</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы. «Алтын астық» Мақсаты өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру.</p> <p>Жұмбақты шеш. Ұзын мұртты сарылар, Қойнында дәні бар. (Бидай) . Не артық? Белгіле. Балаларға астық жинауға қатысы жоқ затты – себетті белгілетеді. Сауат ашу негіздері Тақырыбы. Ойнай отырып оқимыз Мақсаты буындардан сөз</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы «Менің үйім» Мақсаты - Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға жаттықтыруды жалғастыру, допты алдыға, жоғары лақтыра білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту</p> <p>Саусақ гимнастикасы: «Менің үйім» «Тау басындағы үйді көріп тұрмын (алақандарыңды қосып, үй жасаңдар), оның айналасы жап-жасыл (қолдарыңмен толқын тәрізді қимылдар жасаңдар). Мынау – ағаш, мынау – бұталар (ағаш пен</p>	

	<p>каналдарын тазалау. Сол аяқтың табанын алдына тартып, башпайларды уқалайды, башпай араларын сипалайды, башпайлардың арасын ашады. Өкшені қатты қысады, табанды сипалайды, шымшиды. Табандарын айналдырады, табанды алақандарымен шапалақтайды. Осылайша оң табанды уқалайды.</p>	<p>салыстыруды ұсынады. Балалар топпен жұмыс жасайды, фигуралардан өрнектер жасайды.</p>	<p>Бағыттаушы педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады да, орамалды көтереді. Ойыншылар өз бағыттаушыларын іздеп табады да оның артына тізбекке тұрады.</p>	<p>кұрауға үйрету.</p> <p>«Жоғалған буын» дидактикалық ойыны Шарты: педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құраса болады. те - (геш), те -(рек), те - (мір), те -(сік), те - (тік). ор -(та), ор - (ман), ор -(ақ). өр - (мек), өр -(кеш), өр - (ле), өр -(мек-ші)</p> <p>«Буынды қос» дидактикалық ойыны</p> <p>– Балалар шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады. Мысалы:(ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.</p>	<p>бұталарды бейнелеңдер). Мынау – хош иісті гүлдер (алақандарыңмен гүлдің қауызын жасаңдар). Үй қоршаумен қоршалған (ауада саусақтарымен ирек сызықтар сызады). Аула іші тап-таза (ауаны сипалаңдар), қақпаны ашаңыз (қақпаны ашқан тәрізді бейнелейді). Үйге қарай жүгіреміз (саусақтар «жүгірді»), есікті қағамыз: (жұдырықпен): түк-түк-түк. Есікке кім жақындап келе жатыр? (Алақанға құлақтарын тосады), Біз қонаққа келдік, көп базарлық әкелдік (қолды алдыға созып, бір нәрсе әкеле жатқандай бейнелеңдер)».</p>
--	---	--	---	---	---

Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар *«Мысықтар мен балалар»*

БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫН ДАР

Дауыстарын қайтала.
Аң біткенмен алысқан
Ақырады **арыстан:**

А-а-а-а-а

Нәзік дауысы қозының
Естіледі алыстан:

Мә-ә-ә-ә-ә

Дөңгелетіп аузыңды,
Жіңішкертіп даусыңды,
Бұзаумын деп ойла да,
Дауысын оның қайтала:

Мо—ө-ө-ө

(Балақай, жан жануарлардың дауыстарые сала отырып, кей дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер сал)

Майлыаяқ.

Жайлау толы малды аяп,
Күзетіп жүр Майлыаяқ.
Жолатпайтын ешкімді,
Дауысы алыстан естілді:

(ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р-р

«Тамақ жеймін ашпын д», -деп,
«Қорқып иттер қашсын», -еп,
Күжірейтіп желкесін

Ырылдады қасқыр кеп:

(орташа дауыспен)-р-р-р-р-р-р

«Қорықпаймын сенен», -деп,
«Сазайыңды берем», -деп,
Дірілдетіп қасқырды
Айбатын ит асырды:

(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р

«Мынау бәле екен» деп,
«Түбіме бұл жетер» деп,
Қорқып қасқыр жөнелді,
Қайтып келмес ол енді.



Ойын: «Мысықтар мен балалар»

Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету.

Ептілікке, алғырлыққа тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады. Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады. Балалар «кис-кис», деп шақырады. Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.

<p>(Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе? Өзара екі топқа бөлініңдер де, қасқыр мен иттер болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыңдар.)</p>		
--	--	--

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы Күзгі жапырақтар Мақсаты: , Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру</p> <p>Күзгі жапырақтар Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырық. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап .</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алтын астық» Мақсаты өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру</p> <p>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Сендерге өлең ұнады ма? – Өлең шумақтарында не жайында айтылған? – Өлеңді кім жазған? – Алтын астық деген сөзді қалай түсінесің? – Астыққа не жатады? – Астық үлкен еңбектің арқасында келеді дегенді қалай түсінесің?</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы. Буынға бөлейік Мақсаты сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіруді жалғастыр</p> <p>«Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап , айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу. Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар. Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы. Буынға бөлейік Мақсаты сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіруді жалғастыр</p> <p>«Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап , айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу. Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар. Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу. Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы Шар, текше, цилиндр Мақсаты геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру</p> <p>«Пішінді табыңдар» дидактикалық ойыны. Дорбада (мөлдір емес) әртүрлі геометриялық пішіндегі заттар бар. Тапсырманы күрделендіру үшін нақты пішінді табуға тапсырма береді. Бұл ретте бала қажетті пішінді тапқанға дейін бірнеше пішінді кезек-кезек ұстап көреді. Балалардың әрқайсысында «Сиқырлы» дорбаның болуы орынды.</p>
--	---	--	---	---	--

			<p>Жылдам ойлап, келесі буынды табу. Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды. Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа- (уын). Мысалы: үй-рек, бүр-кіт , қар-ға , тыр-на, тор-ғай, та-бақ , ә-теш, же-лім, қа-ғаз, қайшы, қа-лам, кі-тап. Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадақталады.</p>	<p>тез аяқтайды. Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа- (уын). Мысалы: үй-рек, бүр-кіт , қар-ға , тыр-на, тор-ғай, та-бақ , ә-теш, же-лім, қа-ғаз, қайшы, қа-лам, кі-тап. Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадақталады.</p>	<p>Пішіндерді өзара салыстырып: «Шардың қабырғалары бар ма? Шар, текше домалайды ма?» – деген сұрақтарға жауап береді. Ойын ойнайды. Бала пішіндерді қолымен ұстап, сипалап, атауын атайды. Пішіндерді өзара салыстырады. Оларды қоршаған ортадағы заттармен салыстырады. Заттардың неге ұқсайтыны туралы қорытынды жасайды. Қызығушылық танытады, педагогті мұқият тыңдайды, ойын ережелерін орындайды</p>
--	--	--	--	--	---

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Сылдырмақпен сылдырлат»

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары

«Жасыру» саусақ ойыны.

Ойын шарты: Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады.

Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз.

Ал енді, келесі қолға жасырамыз.

Қарандашты қыса отырып,

Алақанды ауыстырамыз.



Ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат »

Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Ойынның шарты: 5-6 балалар аланның бір жағында сызықтың ар жағында тұрады. Қарама-қарсы жақта орындықтарда бір бірінен арақашықтығы бірдей болып сылдырмақтар /бал-ң санына сай/ жатады. «1-2-3, жүгіріңдер»- деген белгі бойынша балалар

Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады.
«Салат» саусақ ойыны.
 Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)
 Үккішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)
 Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді)
 Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді)
 Дәруменге байыған. (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді)



сылдырмақтарға қарай жүгіреді, жоғарыға көтереді де сылдырлатады. Бірінші жетіп, сылдырлатқан бала жеңіске жетеді. Сол балалар орындарына барады, басқа ойнаушылар қатысады.
Ұсыныс: Ойынды қиындатуға болады: кедергілерден секірітіп /жіптен, текшелерден, шеңберден өту, т.б./

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз Мақсаты: : буын туралы түсініктерін қалыптастыру</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сөйлемдерді толықтыру». Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған</p>	<p>Қазақ тілі Тақырыбы: Неше? Санау Мақсаты сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру</p> <p>Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?». Бірден онға дейін</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы Шар, текше, цилиндр Мақсаты: геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру</p>	<p>Қоршаған орта Тақырыбы Жыл құстары Мақсаты Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы</p>	<p>Қазақ тілі Тақырыбы Ойнайық та ойлайық Мақсаты өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту</p> <p>Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Күз мезгілінің суретін аяқтап сал. Күздің белгілерін ата.</p>
--	---	---	--	--	--

	<p>сөйлемін жалғастырады және сол сөзді буынға бөліп созып айтады. – Өзімнің үлкен бауырым ... (а-ға) – Қыз құлағындағы әшекей ...(сыр-ға) – Ат тұяғындағы темір ... (та-ға) – Қап-қара құс ... (қар-ға) – Шегені қағатын ... (бал-ға) – Ең үздік баға ...(бес) – Білім алатын құрал ... (кі-тап) – Дәптерге жазатын ... (қалам-сап). Өздерің жалғастырған сөздерді буынға сызба арқылы көрсетейік. Балалар тақтада жұмыс жасайды.</p>	<p>сандарды ретімен қою, санау. 2 3 4 1 5 7 6 10 8 9 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 10 9 8 7 6 5 4 3 2 1 Ойын: «Баспалдақпен жоғары көтеру». Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары турасанау, төмен кері санау (қол моторикасын дамыту).</p>	<p>Ойын жаттығуы: «Пішіндер неге ұқсайды?» Суреттен шар, текше, цилиндрге ұқсас бейнеленген заттарды қарауға ұсынады. - Шар неге ұқсайды? (қарбыз, доп, глобус) - Цилиндр неге ұқсайды? (кружка, стақанға) - Текше неге ұқсайды? (текшелер, сыйлық қорапшасына). Кеңістіктік ұғымдарды дамытуға арналған ойын: «Фигураны атап көрсет» үш сөреге ойыншықтар қойылады, педагог сөренің жоғарғы оң жақ бұрышында орналасқан пішін бейнеленген карточканы көтеруді сұрайды. Екінші сөренің ортасында. Төменгі сөренің сол жағында және т.б. Балалар карточканы көтергеннен кейін пішіннің қалай</p>	<p>түсініктерін нығайту «Үшіншісі артық» атты дидактикалық ойынын ұйымдастырады. Мақсаттары: балалардың құстардың алуан түрлілігі туралы білімдерін бекіту. Педагог құстардың аттарын араластырып, шатастырып айтады. Қатені байқаған бала қол шапалақтауы тиіс (торғай, қарға, шыбын, суықторғай және т.б.). Өзекті мәселе: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне</p>	<p>көрініс</p>
--	--	---	---	--	----------------

			аталатынын дауыстап айтуы кажет.	көмектеседі.	
--	--	--	----------------------------------	--------------	--

Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Көжектер» ойыны.

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары

«Кірпі» жаттығуы

Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)

Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).

Кіріп кетсе қолыңа,
Өкпелеме жарайма!

Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.

Мақсаты : қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.

А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды.

Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді.

В) Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан



Ойын: «Көжектер»

Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшандыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты салтына тәрбиелеу.

Шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала “түлкі” болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбдырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады, ойын осылай қайталана береді.



<p>қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек. Г) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды.</p>		
--	--	--

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қоршаған орта Тақырыбы: Менің елімнің салт-дәстүрі. Мақсаты ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрді жоғалтпай әрі қарай жалғастыру керектігін түсіну; салт-дәстүрдің адам өміріндегі</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Тақырыбы: Сазбалшықтан жасалған табақ Мақсаты: - - тәрелкені салу ерекшеліктерін, оны ою- өреппен безендірудің орындалу тәсілдерін үйрету --табақты мүсіндеу</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Күзгі жапырақтар Мақсаты , Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру Өлеңде қай мезгіл бейнеленген? Не жайлы айтылған? Ақын жапырақтарды</p>	<p>Музыка Тақырыбы «Сабантойды тойлаймыз» Мақсаты: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту Музыка тыңдау: «Тойбастар» күйі</p>	<p>Музыка Тақырыбы «Сабантойды тойлаймыз» Мақсаты Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту Музыка тыңдау: «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова) Ән айту:</p>
--	--	--	--	--	--

	<p>маңызы туралы алғашқы түсініктерінің болуы.</p> <p>«Үй сыртында қолағаш» ойыны. Педагог ойын барысында қауіпсіздік шараларына назар аударады. Балалар дөңгелене қол ұстасып тұрады. Ойын бастаушы орамалды алып, балалардың сыртын айналып жүгіріп, былай дейді: «Үй сыртында қолағаш» ойыны. Педагог ойын барысында қауіпсіздік шараларына назар аударады. Балалар дөңгелене қол ұстасып тұрады. Ойын бастаушы орамалды алып, балалардың сыртын айналып жүгіріп, былай дейді:</p> <p>. Қол ұстасып тұрған балалар қолдарын ажыратпайды. Ол – есік ашпағанның белгісі. Ойын бастаушы:</p>	<p>--геометриялық пішіндерден табак кию -- Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту.</p> <p>Топтық жұмыстар («Адай» Құрманғазы, ұнтаспадан)</p>	<p>неге теңеген? Бұл өлеңнен жапырақтардың жерде алаша сияқты жататынын, алтындай жалтырайтынын, желмен түскен жапырақтар шашуға ұқсап шашылатынын, күз мезгілінің дарқан, кең екенін білдік. Күз мезгілі қандай? Күз мезгілінде айнала сары болады. Ағаш жапырақтары жерге судырап түседі. Жер бетін жапырақ жапқан. Бір жер сары, бір жер – қызғылт сары Керемет</p>	<p>(Д. Нұрпейісова) Ән айту: «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов) Билер: «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен) Ойындар, хороводтар: «Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны</p>	<p>«Сабантой» (Е. Хасанғалиев) «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов) Билер: «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен) Ойындар, хороводтар: «Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, ұнтаспадан)</p>
--	---	--	--	---	--

	«Үй сыртында қолағаш Озам десең, ала қаш» – деп, өзі таңдаған баланың арқасынан орамалмен соғып қалып, орамалды тастай сала жүгіре жөнеледі. Орамал алған бала қарама-қарсы жақпен жүгіреді.				
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	<p>Бақылау: Тұманды бақылау.</p> <p>Мақсаты: Күздегі тұманды бақылау, тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру.</p> <p>Еңбек : Ағаштардың түптерін қопсыту.</p> <p>Мақсаты: Табиғатты аялай білуге , өсімдіктерге қамқор болуға , оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: Мақал-мәтел. Таза болса- табиғат, Аман болар – адамзат .</p>	<p>Бақылау: Шықты бақылау.</p> <p>Мақсаты: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы.</p> <p>Еңбек : Ағаш бұтақтарын жинау.</p> <p>Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету.</p>	<p>Бақылау: Өткінші жаңбырды бақылау.</p> <p>Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру.</p> <p>Еңбек : Ағаш түптерін қопсыту.</p> <p>Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға</p>	<p>Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.</p> <p>Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деэсер ететіндігін түсіндіру.</p> <p>Еңбек : Біздің ойын алаңы</p> <p>Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу.</p> <p>Жеке жұмыс : Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық</p>	<p>Бақылау: Кемпірқосақты бақылау .</p> <p>Мақсаты: Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып , жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту.</p> <p>Еңбек : Біздің аула</p> <p>Мақсаты: Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау .Балаларды еңбексүйгіштікке баулу.</p> <p>Жеке жұмыс : Жұмбақ: Алдым да әр түрінен жібек жіптің ,</p>

<p>Мақсаты: Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету.</p> <p>Ойын: « Біз кішкене отбасы »</p> <p>Мақсаты: Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету.</p> <p>Қимылдық ойын: « Шымшық доп »</p> <p>Ойын барысы : Алаңның ортасындағыбір тағанның үстіне ұзындығы 30 см, ені 6-7 тақтайшаны қисайтып қояды.Оның төменгі жағына кішкене доп қойылады.(Доп дұрыс орналасу үшін тақтайға ойыс жасап қою қажет).Ойнаушылавр тақтайшадан айналып тұрады.Басқарушы таңдап алынады.Ол тақтайшаның жоғарырақ тұрған бос шетін аяғымен теуіп қалғанда, доп жоғары секіріп</p>	<p>Жеке жұмыс: « Менің Отаным » өлеңін жаттату.</p> <p>Отан – менің ата-анам,</p> <p>Отан-досым , бауырым.</p> <p>Отан-өлкем, астанам, Отан-туған ауылым.</p> <p>Мақсаты: Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Патриоттық сезімдерін арттыру.</p> <p>Ойын: « Қояндар секіреді » .</p> <p>Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.</p> <p>Қимылдық ойын: « Қаздар мен бақташы » .</p> <p>Ойын барысы: Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады.Басқа балалар болады.Ортадан бір сызық созылады.Ол-қаздардың үйі болады.Бақташы қаздарды жайып шығады.Олар далада жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар!?</p>	<p>өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.</p> <p>Жеке жұмыс: « Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер » .</p> <p>Мақсаты: Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.</p> <p>Қимылдық ойын : « Допты қуып жет » .</p> <p>Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Қимылдық ойын: « Кім тезірек? »</p> <p>Мақсаты: Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Ойын барысы: Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады.Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық созылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады. Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала</p>	<p>Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып.</p> <p>Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету..</p> <p>Қимылдық ойын: « Айгөлек-ау, айгөлек » .</p> <p>Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</p> <p>Қимылдық ойын: « Фигура жасап шық »</p> <p>Ойын барысы : Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса (ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе « тоқта » деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады.Басқарушы барлық « фигураларды » айналып шығып , ең ұнайтынын таңдап</p>	<p>Аспанға әшекейлеп Кесте тіктім. (Кемпіркосақ)</p> <p>Мақсаты : Түстерді ажырата білу.</p> <p>Балалардың ой – өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру.</p> <p>Қимылдық ойын: « Тышқан мен мысық » .</p> <p>Мақсаты: Балаларды ептілікке , шапшаңдыққа үйрету.</p> <p>Қимылдық ойын: . « Қимақ » .</p> <p>Ойын барысы: Бұл ойынды жіп керіп , сол керілген жіпке әр түрлі ұзындықта кішкентай ойыншықтар байлап қояды.Ойын көңілді болу үшін ойыншының көзін байлап қояды.Ойын бастаушы оның қолына қайшы ұстатып, « осы ойыншықтан барда қалағаныңды қиып ал » , - дейді.Ойыншы қиып алған ойыншығын алады.Егер бірінші рет қия алмаса , екінші рет әрекеттенуге болмайды.</p> <p>Дербес ойындар:</p> <p>1.Әткеншек тебу.</p> <p>2.Ирек жолмен жүру.</p>
--	--	--	---	---

	<p>кетеді. Ойнаушылар оны ұстап алады. Допты ұстап алған бала басқарушы болады да, ойын қайталанады. Ойынға бір мезгілде 5-6 баладан қатыса алады.</p> <p>Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру:</p> <p>1. Жарысу.</p> <p>2. Төбешікке секіру.</p>	<p>Қаздар: га, га, га Бақташы: тамақ жейсіңдер ме? Қаздар: иә, иә, иә. Бақташы: Ендеше ұшындар. Қаздар: жоқ, аш қасқыр бар Жібермейді ол жолда Бақташы: тез ұшындар қалайда! Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді. Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет оянғандарында ауысып басқа балаларға кезек береді. Еркін ойындар. Тренинг: « Қаздар болып ұшайық » .</p>	<p>секіреді. Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады.</p> <p>Тренинг: « Қолшатыр » .</p>	<p>алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да, ойын қайталанады.</p> <p>Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру:</p> <p>Қуаласпақ. Тығылыспақ. Тренинг: « Киіз үй » .</p>	
<p>Балаларды үйге қайтару</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді</p>

		құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
--	--	---	--	---	---